

Қылмыстар туралы өтініштер мен хабарларды, қылмыстық істерді, олардың тергелуі және сотта қарастырылу нәтижелерінің бірыңғай кәртiшкелiк есепке алу негiзiнде жүргiзу туралы Нұсқаулықтың бекiтiлуi жөнiнде (Бiрыңғай бiрегейлiк статистикалық жүйе)

Күшiн жойған

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2005 жылғы 17 маусымдағы N 27 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 1 шiлдеде тiркелдi. Тiркеу N 3704. Күшi жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 18 қарашадағы № 122 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күшi жойылды - ҚР Бас Прокурорының 2011.11.18 № 122 (қолданысқа енгiзiлу тәртібiн 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың атауына өзгерту енгiзiлдi - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 15 қыркүйектегі N 51 бұйрығымен .

Қылмыстар туралы өтiнiштер мен хабарларды, қылмыстық iстердi олардың тергелуi және соттық қарастырылуын бiрыңғай кәртiшкелiк есепке алу негiзiнде жүргiзудi одан әрi iске асыру мақсатында, "Мемлекеттiк құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, " Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабы 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қылмыстар туралы өтiнiштер мен хабарларды қылмыстық iстердi олардың тергелуi және сотта қарастырылу нәтижелерiнiң бiрыңғай кәртiшкелiк есепке алу негiзiнде жүргiзу (Бiрыңғай бiрегейлiк статистикалық жүйе) туралы Нұсқаулық б е к i т i л с i н .

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгiзiлдi - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 15 қыркүйектегі N 51 бұйрығымен .

2. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетi (Г.В.Ким) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлігінде мемлекеттiк тiркелуін қамтамасыз етсін.

3. Бұйрық Құқықтық статистика және арнайы есепке алудың барлық субъектiлерiне және Комитеттің жергiлiктi органдарына жолдансын.

4. Осы бұйрықтың орындалуындағы бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары - Комитет Төрағасына (Г.В.Ким) жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2001 жылғы 25 желтоқсандағы N 143 "Қылмыстар туралы өтiнiштер мен хабарларды, қылмыстық iстердi олардың тергелуi және сотта қарастырылу нәтижелерiн

бірыңғай кәртiшкелердi есепке алу негiзiнде жүргiзу тәртiбi туралы"
Нұсқаулықты бекiту және қозғалысқа енгiзу жөнiндегi бұйрығы күшiн жойды
д е п т а н ы л с ы н .

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлiгiнде мемлекеттiк
тiркелген күнiнен бастап қозғалысқа енедi.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Бас Прокуроры

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б а с П р о к у р о р ы н ы ң

2 0 0 5 ж ы л ғы 1 7 м а у с ы м д а ғы

№ 2 7 б ұ й р ы ғы м е н

бекiтiлген

**Қылмыстар туралы өтiнiштер мен хабарларды, қылмыстық
iстердi, олардың тергелуi және сотта қарастырылу нәтижелерiн
бiрыңғай кәртiшкелiк есепке алу негiзiнде жүргiзу туралы
Нұсқаулықтың бекiтiлуi жөнiнде (Бiрыңғай бiрегейлiк
статистикалық жүйе)**

НҰСҚАУЛЫҚ

**Ескерту: Нұсқаулықтың атауына өзгерту енгiзiлдi - ҚР Бас Прокурорының
2006 жылғы 15 қыркүйектегi № 51 бұйрығымен .**

МАЗМҰНЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық қылмыстар, олардың субъектiлерi туралы өтiнiштер мен хабарларды, қылмыстық iстердi, қылмыстық iстердi қозғаудан бас тарту туралы қаулылар шығарылған материалдарды, алдын ала тергеу мен анықтау өндiрiсiн, сот төрелiгiн iске асыруды бiрыңғай кәртiшкелiк есепке алу негiзiнде (бұдан әрi - есепке алу) жүргiзудiң тәртiбiн айқындайды.

2. Есепке алуды тағайындау қылмыстық iс бойынша сотқа дейiнгi iс жүргiзуге ашық статистикалық байқау жүргiзуден және мемлекеттiк органдарды, жеке және заңды тұлғаларды қылмыстық жағдай туралы объективтiк және айқын мәлiметтермен қамтамасыз етуден, қылмыстық қудалау органдарының, соттардың және бiрыңғай бiрегейлiк статистикалық жүйенi (бұдан әрi - ББСЖ) жүргiзу арқылы жазаның орындалуын бақылайтын органдардың қызметiнен тұрады.

3. Есепке алуды Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет), Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық органдары, соларға теңестірілгендер (бұдан әрі - Басқарма), аудандық және соларға теңестірілген прокуратураларда орналастырылған Басқармалардың топтары мен қызметкерлері жүргізеді.

4. Осы Нұсқаулықта ескерілген құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне (бұдан әрі - субъект) қылмыстық қудалауды іске асыратын мемлекеттік органдар, жазаның орындалуын бақылайтын органдар, соттар жатады.

5. Қылмыстар, оларды жасаған тұлғалар туралы өтініштер мен хабарламаларды, алдын ала тергеу, анықтау, прокуратура органдары және соттар қызметінің нәтижелерін есепке алу осы Нұсқаулықтың 2-тарауында аталған ақпараттық есепке алу құжаттарын (бұдан әрі - статистикалық кәртiшкелер) құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына (бұдан әрі - уәкілетті орган) жіберу арқылы негізделіп, жүзеге асырылады.

6. Статистикалық кәртiшкелерді субъектілер осы Нұсқаулықпен қаралған мерзімдерде олардың тіркелуін, автоматтандырылған өңделуін және солардың негізінде статистикалық есептердің қалыптастырылуын қамтамасыз ететін уәкілетті органдарға ұсынады.

7. Статистикалық кәртiшкелердің өңделуін және бірыңғай нысандарының енгізілуін субъектілермен келісе отырып, Комитет жүзеге асырады.

2-тарау. Статистикалық кәртiшкелердің түрлері мен нысандары

8. Қылмыстық-құқықтық статистиканы қалыптастыру статистикалық кәртiшкелердің мынадай түрлерінің негізінде жүзеге асырылады:

1) "Қылмыс, оқиға туралы өтінішті, хабарламаны есепке алу кәртiшкесі" ЗС-1 нысаны (N 1 қосымша);

2) "Қылмыс, оқиға туралы өтініш пен хабарлама бойынша шешімді есепке алу кәртiшкесі" ЗС-2 нысаны (N 2 қосымша);

3) "Қылмысты есепке алу кәртiшкесі" 1.0 нысаны (N 3 қосымша);

4) "Алдын ала тергеудің (анықтаудың) барысы және нәтижелері туралы кәртiшке" N 1.1 нысаны (N 4 қосымша);

5) "Есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін және улы заттарды, прекурсорлар (ЕЖП) мен есірткі заттарынан тұратын өсімдіктердің өскен алқаптарын алып қоюды және жоюды есепке алу кәртiшкесі" 1-Н нысаны (N 5 қосымша);

6) "Қылмыс жасаған тұлғаға арналған кәртiшке" 2.0 нысаны (N 6 қосымша);

7) "Күдікті, айыпталған, ұсталған немесе тұтқындалған тұлғаға арналған кәртiшке" 2.1 нысаны (N 7 қосымша);

8) "Қылмыстық іс бойынша прокурордың шешімі туралы кәртiшке" 3.0 нысаны (N 8 қосымша).

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2008.08.25. N 45 бұйрығымен .

8-1. Тұлғалар жөніндегі анкеталық мәліметтер бойынша кәртiшкелердің реквизиттері (т.а.ж., туған жылы) тек қана тұлғаны растайтын құжаттар негізінде толтырылады. Анкеталық мәліметтер өзгертілген жағдайларда бұрыңғы мәліметтер де көрсетіледі.

Ескерту. 8-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2008.08.25. N 45 бұйрығымен .

9. Қылмыстық қол сұғушылықтардан жәбірленген шетелдік мемлекет азаматтарының, сондай-ақ қылмыс жасаған тұлғалардың елін және ұлтын белгілеуге арналған сандық код "Әлем мемлекеттерінің сөздігіне" (N 9 қосымша) және "Ұлттар сөздігіне" (N10 қосымша) сәйкес келуі қажет.

3-тарау. Статистикалық кәртiшкелерді жүргізу мен есепке алу

10. Статистикалық кәртiшкелерді толтыру кезінде қылмыс туралы өтініш пен хабарлама бойынша материалдармен және қылмыстық іспен қатаң сәйкестікте оларда бар мәліметтердің астын сызып отыру қажет. Оң жағында орналасқан баған көздерін уәкілетті органның қызметкерлері сандық индекстермен толтырады. Прокурор тергеушімен немесе анықтаушымен (анықтау, тергеу органының бастығымен) құрылған статистикалық кәртiшкеге қол қою кезінде статистикалық кәртiшке мәліметтерінің іс материалдарымен сәйкестігіне салыстыру жүргізуге және статистикалық кәртiшкеге қол қойғаннан кейін оны уәкілетті органға өзі тапсыруға міндетті.

Статистикалық кәртiшкелерге прокурордың қолы қойылғаннан кейін оған өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерімен ұсынылған барлық статистикалық карточкалар Комитет басқармасының кеңсесінде дереу тіркелуге жатады және 24 сағат ішінде ББСЖ әкімшілік дерек банкінің (одан ары - АДБ) басқармасына енгізілуге тиісті. Статистикалық карточканы дер кезінде ББСЖ АДБ енгізу, сондай-ақ ББСЖ АДБ өзгертілген мәліметтерді негізсіз енгізгені үшін тиісті Комитет басқармасының бастығы жеке жауапкершілік

к ө т е р е д і .

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2010.01.20. N 3 бұйрығымен.

11. Осы Нұсқаулықтың 2-тарауы 8-тармағында көрсетілген статистикалық кәртiшкелер қылмыстар мен оқиғалар туралы өтiнiштер мен хабарламаларды ведомстволық Есепке алу кiтабында (бұдан әрi - ӨЕК) (ЗС-1, ЗС-2 нысандары), уәкiлеттi органның қылмыстық iстер, қылмыстар және оларды жасаған тұлғаларды бiрыңғай есепке алу Журналында (1.0, 1.1, 2.0, 2.1, 3.0, 1-Н нысандары) (N11 қосымша), әкiмшiлiк iстер бойынша және есiрткi құралдарын, жүйкеге әсер ететiн, улы заттарды, прекурсорларды (бұдан әрi - ЕЖП) алып қою және жою деректерi жөнiндегi бас тарту материалдары бойынша статистикалық кәртiшкелердi есепке алу журналында (әкiмшiлiк iс жүргiзу iстерi және өзге де актiлер бойынша N1-Н нысаны, (N13 қосымша)) тiркелуге жатады.

12. Статистикалық карточкалар (1.0, 1.1, 2.0, 2.1, 3.0, 1-Н нысаны) толтырылған және субъектiнiң лауазымды тұлғамен қол қойылған (лауазымды тұлғалармен) iс жүргiзу шешiмiн қабылдаған сәттен бастап 24 сағат iшiнде келесi жұмыс күнiнен кешiктiрiлмей уәкiлеттi органға тiркеу үшiн ұсынылуы тиiс.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2010.01.20. N 3 бұйрығымен.

13. Қылмыстық iстi қозғаудан бас тарту туралы қаулылар шығарылған материалдарды тiркеу Қылмыстық iстi қозғаудан бас тарту туралы қаулылар шығарылған материалдарды есепке алу журналында iске асырылады. Аталған журнал субъектiлердiң барлық бөлiмшелерiмен жүргiзiледi және iс қағаздарын жүргiзудi реттейтiн нормативтiк құқықтық актiлермен белгiленген мерзiмнiң iшiнде сақталады.

14. ЗС-1, ЗС-2 түрiнде статистикалық карточкалары электронды байланыс басқармасына немесе Комитетпен анықталатын магниттiк жеткiзушi форматта ұсынылады. ЗС-1, ЗС-2 түрiнде карточкаларының түпнұсқасы субъектiлерде сақталады .

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2010.01.20. N 3 бұйрығымен.

15. Жеке айыптау iстерi бойынша 1.0, 2.0 нысанды статистикалық кәртiшкелер сотпен толтырылып, үкiмнiң заңды күшiне енгенiнен кейiнгi бiр тәулiктiң iшiнде Басқармаға ұсынылады.

16. Басқармаларда есепке алу және бақылау жүргiзу мақсатында бақылаулық Бiрыңғай журналы жүргiзiледi, оған аудандық және соларға теңестiрiлген прокуратураларда орналастырылған Басқармалар топтарының жiберген статистикалық кәртiшкелерi тiркеледi.

17. Әскери қылмыстар, олардың субъектілері, қылмыстық істер, әскери тергеу, анықтау, прокуратура органдарының және соттардың қызметтері туралы, сондай-ақ әскери қылмыстар жасағаны үшін сотталған тұлғалардың статистикалық кәртiшкелерінің есебін осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес
Әскери Басқарма жүргізеді.

Сондай-ақ Әскери Басқармадағы есепке әскери қызметкерлердің, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлерінде және әскери құрылымдарында шақыру немесе келісім шарт бойынша әскери қызметтерін өтеп жүрген тұлғалардың, запаста жүрген азаматтардың әскери сборлардан өту кездерінде, қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты әскери бөлімдердегі, құрамалардағы, мекемелердегі немесе осы әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің орналасқан жерлеріндегі азаматтық қызметшілердің және соларға теңестірілген тұлғалардың жасаған қылмыстары жатады.

18. Істері қылмыстық қудалау органдарының орталық құрылымдарында іс жүргізуде жатқан қылмыстар туралы статистикалық кәртiшкелер қылмыстың жасалған жері бойынша тиісті Басқармаға жіберіледі.

19. ҚР ҰҚК Шекара қызметі (бұдан әрі - ҚР ҰҚК ШҚ) органдарымен қозғалған Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 1-бөлімі 330-бабы және 1-бөлімі 331-баптарымен (бұдан әрі - ҚР ҚК) қаралған қылмыстар туралы статистикалық кәртiшкелер қылмыстың жасалған жері бойынша Басқармаларға жіберіледі. Осындай қылмыстар бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тартылған қылмыстық істер мен материалдар ҚР ҰҚК ШҚ органдарының арналып белгіленген кодтауға сәйкес тіркеледі. ҚР ҚК басқа да баптары бойынша ҚР ҰҚК ШҚ қылмыстық ісін қозғау кезінде статистикалық кәртiшкелер Қылмыс жасау орындары бойынша басқармаларына жіберіледі.

Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 15 қыркүйектегі N 51 бұйрығымен .

20. Аталған ауданның (қаланың, облыстың) басқа да қылмыстық қудалау органдарынан тергеуге алынғандығына қарай келіп түскен қылмыстық істері, бұрын біріктірілгендерден ерекшеленген істер, сондай-ақ қосымша тергеу жүргізуге немесе жеке тапсырмаларды орындауға келіп түскен істер қайта
тіркелуге жатпайды .

Басқа мемлекеттердің (соның ішінде ТМД) қылмыстық қудалау органдарынан келіп түскен істер қайта тіркелуге жатады. Қазақстан Республикасының басқа да облыстарынан қылмыстық істер келіп түскенде Басқарма оны қайта тіркелген ретінде есепке алады, бірақ қылмыстық істің бұрынғы нөмірі қалдырылады.

21. Тазаланған, түзетілген және басқа да түзетулері бар статистикалық кәртiшкелерді есепке алуға тыйым салынады. Бұл жағдайда, өз деңгейінен төмен

ресімделінген статистикалық кәртiшкелер ауыстыру үшін оны қайта жіберуге немесе қосымша ресімдеуге бақылауды қамтамасыз ететін қадағалаушы прокурор арқылы ілеспе хатпен кідірмей қайтарылады. Қайтадан жолданатын статистикалық кәртiшкелер шұғыл түрде, қайтарылған кезден бастап 24 сағаттан кешіктірілмей жіберілуі қажет.

Комитет пен Басқарма қызметкерлеріне ақпараттық есепке алу құжаттарындағы мәліметтерге өздігінше түзету енгізуге тыйым салынады.

22. Деректер кесіміне енгізілген статистикалық кәртiшкелердің деректемелеріне түзету енгізу қажет болған жағдайда субъект қадағалаушы прокурор арқылы Басқармаға тиісті статистикалық кәртiшкелерге өзгерістер енгізу туралы баянат жолдайды. Егер осы түзету бұрынғы есептік кезеңдердегі статистикалық есептіліктің бұрмалануына апарып соқтырған болса, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрықтарымен белгіленетін талаптарға сәйкес статистикалық есептілікке түзету енгізу туралы қажетті құжаттар Басқармамен Комитетке жолданады.

23. Статистикалық кәртiшкелерде қамтылатын мәліметтердің толықтығы мен айқындылығына, оның Басқармаға уақытылы ұсынылуына статистикалық кәртiшкелерге қол қойған тұлғалар жауап береді.

4-тарау. "Қылмыс, оқиға туралы өтінішті, хабарламаны есепке алу кәртiшкесі" ЗС-1 нысанды статистикалық кәртiшкенің жіберілу тәртібі

24. ЗС-1 нысанды статистикалық кәртiшке екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім қылмыс туралы тіркелген өтініш пен хабарлама туралы жалпы мәліметтерге ие: өтінішті (хабарламаны) тіркеген субъектінің аталуы; қылмыс, оқиға жасалған аудан; қылмыс туралы өтініштің, хабарламаның нөмірі; бастапқы тіркеу туралы мәліметтер; өтінішті, хабарламаны жіберген субъект; ӨЕК-ның нөмірі; статистикалық кәртiшкенің Басқармаға келіп түскен күні; оқиғаны баяндау, залалдың сомасы; қылмысты алдын ала дәрежелету; қосымша белгілер; жәбірленушілердің жалпы саны; анықталған немесе ұсталған тұлғалардың саны.

Статистикалық кәртiшкенің екінші бөлімі (екінші жағында) ішкі ведомстволық шұғыл есепке алуға арналған мәліметтерден: өтініш беруші, қылмысты көзімен көргендер, жәбірленушілер, күдікті, қылмыстың жасалған жері, қылмыстық қол сұғушылық объектісі туралы мәліметтерден тұрады және ол уәкілетті орган үшін міндетті емес.

25. Субъект қылмыс туралы өтінішті, хабарламаны ӨЕК-да тіркеген болса, дереу ЗС-1 түріндегі статистикалық карточка толтырылып оның электрондық варианты 24 сағат ішінде Нұсқаулықтың 17-тармағына сәйкес облыстық

аппаратқа (оған теңестірілгендерге) қылмыстық қудалау органдарына, әскери тергеу органдарына, анықтауға, прокуратура және сотқа жолданады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2010.01.20. N 3 бұйрығымен.

26. ӨЕК-на бір ғана қылмыс (дерек) бойынша өтініштерді, хабарламаларды қайта тіркеу кезінде, әрбір қайта тіркелген өтінішке, хабарламаға ӨЕК-нда бастапқы өтінішке қатыстыру туралы белгі қойылып, ЗС-1 нысанды статистикалық кәртiшке жіберіледі және әрбір қайталанған өтінішке қатыстыру туралы ЗС-2 нысанды статистикалық кәртiшке жіберіледі. Соның ішінде барлық өтініштерді қарастыру мерзімі бастапқысын тіркеген кезден бастап есептеледі.

27. Тергеуге алынғандығына қарай берілген өтініш (материал), басқа облыстың (соған теңестірілгеннің) субъектісіне келіп түсуі бойынша ӨЕК-нда тіркеледі және көрсетілген статистикалық кәртiшкенің 5, 5.1, 5.2 деректемелерін міндетті түрде белгілеу арқылы ЗС-1 нысанды статистикалық кәртiшкесі жіберіледі, оның көшірмесін субъект келіп түскенін растау үшін өтінішті (материалды) жіберген облыстың субъектісіне жолдайды.

Бұрын тергеуге алынғандығына қарай жіберген органға өтінішті (хабарламаны) қайтарған жағдайда, ӨЕК-нда бастапқы тіркелуі бойынша қайтарылғаны туралы белгі қойылады, соның ішінде өтініш қайта тіркелуге жатпайды, бірақ келіп түскені туралы ЗС-1 нысанды статистикалық кәртiшкесі жіберіледі, оның көшірмесі өтінішті (материалды) жіберген Басқармаға жолданады. Өтініштің қаралу мерзімі осы органда өтініштің бастапқы тіркелген кезінен бастап есептелінеді.

28. ЗС-1 нысанды статистикалық кәртiшкедегі алдын ала дәрежелілеу ӨЕК-нда тіркеуден өткен қылмыс, оқиға туралы барлық өтініштер, хабарламалар бойынша толтыру үшін міндетті.

29. Қылмыс туралы өтінішті есептен жасырғаны анықталған жағдайда ЗС-1 түріндегі статистикалық карточка 4.1, 4.2, 4.3 реквизит белгісімен сол қылмыстық қудалау органдарымен немесе осы жасыруды анықтаған прокурормен қойылады.

Басқарма қызметкері ЗС-1 нысанды статистикалық кәртiшкені тапқан кезде оған қадағалаушы прокурор қол қояды. Егер соңғысы қылмыстық іс қозғаған немесе қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда ЗС-2 нысанды статистикалық кәртiшке осы прокурормен жіберіліп, прокуратурада ескеріледі.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2010.01.20. N 3 бұйрығымен.

30. ЗС-1 нысанды статистикалық кәртiшкеге тегін, атын, әкесінің атын, лауазымын, күнін көрсету арқылы ӨЕК-на ақпарат енгізген органның лауазымды

тұлғасы толтырып, қол қояды және қылмыс (оқиға) туралы әрбір тіркелген өтініш пен хабарламаға жібереді. Субъект көлікте жасалған қылмыстар бойынша қылмыс туралы өтінішті, хабарламаны ӨЕК да тіркеген болса, ЗС-1 түріндегі статистикалық карточканы толтырған кезде «қылмыс көлікте жасалған» деп белгілейді.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2010.01.20. N 3 бұйрығымен.

5-тарау. "Қылмыс, оқиға туралы өтініш, хабарлама бойынша шешімді есепке алу кәртiшкесi" ЗС-2 нысанды статистикалық кәртiшкенiң жiберiлу тәртiбi

31. ЗС-2 нысанды статистикалық кәртiшке ҚР ҚIЖК 185-бабы 1-тармағы 2 және 3-тармақшаларының тәртiбiнде қылмыстық iс қозғау туралы, қосымша тексеруге жiберу арқылы қылмыстық iс қозғаудан бас тарту туралы қаулыны прокурор бұзған кезде ӨЕК-нда бұрын тіркелген өтінішке (материалға) қатыстыру жөнiнде шешiм қабылданған материалдардың ақпараттық есепке алу қ ұ ж а т ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

ЗС-2 нысанды статистикалық кәртiшке жоғарыда аталып өткен жағдайларда, сондай-ақ өтінішті (материалды) қарастыру мерзiмiн ұзарту кезiнде жiберiледi.

ЗС-2 нысанды статистикалық кәртiшкедегi дәрежелену ҚР ҚIЖК 185-бабының тәртiбiнде шешiм қабылданған немесе ол бұрын тіркелген ӨЕК-на қатыстырылған ӨЕК-нда тіркеуден өткен қылмыс, оқиға туралы барлық өтініштер мен хабарламалар бойынша толтыру үшін мiндеттi.

32. Тергеуге алынғандығына қарай өтініш (материал) басқа облыстың (соған теңестiрiлгеннiң) субъектiсiне жiберiлген жағдайда, өтініш (материал) жiберiлген органның аталуын көрсету арқылы ЗС-2 нысанды статистикалық кәртiшке жiберiледi. Облыстың субъектiсi аталған статистикалық кәртiшкенiң көшiрмесiн бақылау жүргiзу мақсатында өтініш (материал) жiберiлген облыстың тиiстi субъектiсiне жолдайды.

33. Прокурордың қылмыстық iстi қозғау арқылы, қозғаудан бас тарту туралы қаулыны бұзу жөнiндегi шешiмi бар ЗС-2 нысанды статистикалық кәртiшкенi жiберу кезiнде қылмыстық қудалау органының қылмыстық iстi қозғау туралы шешiмi бар ЗС-2 нысанды кәртiшкесi жiберiлмейдi. Сонымен қатар, N2-ЗС нысанды есепте аталған материал бойынша шешiм "Қылмыстық iстi қозғаудан бас тартылған" және "Қылмыстық iстi қозғаудан бас тарту туралы қаулы бұзылған" бағандарында ескерiледi.

ЗС-2 нысанды статистикалық кәртiшкенi шешiм қабылдаған лауазымды тұлға толтырып, оған қол қояды, ал қандай да бiр шешiмдi прокурор қабылдаған

жағдайда бұл кәртiшкеге қадағалаушы прокурордың өзі қол қояды.

Өтiнiштiң (материалдың) қарау мерзiмiн он күннен астам уақыт ұзарту кезiнде ақпараттық есепке алу құжатына өтiнiштi қарайтын лауазымды тұлға және қадағалауды жүзеге асырушы прокурор қол қояды, ал өтiнiш прокурормен қаралған жағдайда, оған тек прокурордың өзі қолын қояды.

Ескерту: 33-тармаққа өзгерту енгiзiлдi - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 15 қыркүйектегі N 51 бұйрығымен .

34. ЗС-2 нысанды статистикалық кәртiшкеде "ӨЕК-на қатыстырылған" деректемесi қаралған, бұл деректеме бiр ғана қылмыс (дерек) бойынша бiрнеше өтiнiш, хабарлама келiп түскенде толтырылады.

"ӨЕК-на қатыстырылған" шешiмi бар ЗС-2 нысанды статистикалық кәртiшке ӨЕК-нда тiркелмеген өтiнiштер мен хабарламаларға жiберiлмейдi.

6-тарау. "Қылмысты есепке алу кәртiшкесi"

1.0 нысанды статистикалық кәртiшкенiң жiберiлу тәртiбi

35. 1.0 нысанды статистикалық кәртiшке субъектiнiң лауазымды тұлғасымен төмендегiдей шешiмдердi қабылдау кезiнде қылмыстың жасалған уақытына байланыссыз есептiк кезеңде анықталған қылмысқа жiберiледi:

- 1) қылмыстық iстi қозғау туралы;
- 2) ақталынбаған негiздер бойынша қылмыстық iстi қозғаудан бас тарту туралы ;
- 3) қылмыстық iстi қозғаудан бас тарту туралы қаулыны прокурордың бұзуы және қылмыстық iстi қозғау туралы;
- 4) қылмыстық iстi жеке iс жүргiзуге бөлу кезiнде;
- 5) тергеу барысында анықталған тiркелмеген қылмысты есепке алу кезiнде;
- 6) қылмыстық iстiң тергеуге алынғандығына немесе аумақтық тиесiлiгiне қарай есепке алынуы арқылы басқа мемлекеттерден (соның iшiнде ТМД) келiп түскен кезiнде ;
- 7) субъектiнiң ҚР ҚИЖК 394-бабы 1-бөлiмi 3-тармағының тәртiбiнде қылмыстық iстi қозғау кезiнде;
- 8) жеке айыптау iстерi бойынша соттың айыптау үкiмiн шығару кезiнде;
- 9) есептен шығару арқылы ақталынған негiздер бойынша қылмыстық iстi қысқарту туралы бұрын шығарылған қаулыны прокурордың бұзуы кезiнде.

36. "Стат. есептiң түрi" 1.0 нысанды статистикалық есептiң 6 деректемесiне ескерiлсiн (1) коды жiберiледi. Алынсын (2) коды келесi жағдайларда жiберiледi: аталған эпизод бойынша соттың барлық тұлғаларды ақтаған кезiнде; ақталынған негiздер бойынша аталған эпизодты сот қысқартқан кезде; iс бойынша өтетiн

барлық тұлғаларды айыптаудан аталған эпизодты соттың алып тастауы кезінде. Көрсетілген шешімдері бар "Соттың қарастыру нәтижелері туралы" 6 нысанды анықтама келіп түскен кезде осы эпизод бойынша деректер кесімінде есепке алудың "алынсын (2)" түрі қойылады. Бір ғана дерек бойынша қайталанған істі негізсіз (қате) қозғау кезінде созылған, ұзартылған қылмыстар бойынша қылмыстық істі қозғауда да есепке алудың "алынсын (2)" түрі қойылады. "Стат. есептің түрі" 6 деректемесінде "алынсын (2)" коды қойылған үшінші жағдайда, қылмыстық істің берілуі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге жолданады. "Стат. есеп түрінің" басқа барлық түрлерінде "ескерілсін (1)" қойылуы қажет.

"Қылмысқа қатысты" 4-тармақтағы 10.1 деректемесінің белгісі бар 1.0 нысанды статистикалық кәртiшкесі, егер қылмыстық іс бойынша қылмыстық іспен байланысы жоқ, сонымен қатар сол бойынша бұрын қылмыстық іс қозғалмаған қылмыс белгілерінен тұратын әрекеттер туралы мәліметтер алынған болса ҚР ҚІЖК 49-бабы 3-бөлімінің тәртібінде жеке іс жүргізуге бөлінген материал бойынша жіберіледі.

37. Тұлғаға қатысты қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөлген кезде жаңа нөмірді қою арқылы 1.0 нысанды статистикалық кәртiшке жіберіледі, бірақ қылмыстылық туралы статистикалық көрсеткіштерді есептеу кезінде ол е с к е р і л м е й д і .

Қылмыстық істердің деректемелерін қайта дәрежелену және өзгерту кезінде соңғысының нөмірі бұрынғыша қала береді.

37-1. Егер қылмыстық іс сотқа дейінгі өндірісте оңайлатылған тәртіпте тергеліп жатса, онда 2 бөлікте сәйкес реквизиттері белгіленеді.

Ескерту. 37-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2010.01.20.

Н 3 б ұ й р ы ғ ы м е н .

38. Егер бір істің шеңберінде Қазақстан Республикасының әр түрлі облыстарының аумағында жасалған екі не одан да көп қылмыс тергелетін болса, негізгі іске біріктіру үшін беріп жіберілген эпизодтар бойынша статистикалық кәртiшкелердің көшірмелері (электрондық мәліметтер) қылмыстық істің тергелу жері бойынша Басқармаға ұсынылады немесе модемдік байланыс арқылы б е р і л е д і .

Қылмыстық істің тергелу жері бойынша Басқарма басқа облыстардың аумақтарында жасалған қылмыстар туралы статистикалық кәртiшкелердің көшірмелерін (электрондық мәліметтер) алған кезде оларды тіркеп, бастапқы тіркеу нөмірімен автоматтандырылған деректер кесіміне енгізеді. Кейіннен аталған эпизодтардың қозғалыстары жөніндегі статистикалық кәртiшкелер келіп түскенде көрсетілген мәліметтер де тіркеліп, электрондық деректер кесіміне е н г і з і л е д і .

Қылмыстық істің тергелу жері бойынша Басқарма аталған эпизодтардың

қозғалыстары жөніндегі статистикалық кәртiшкелердiң көшiрмелерiн шұғыл түрде қылмыстың жасалған жерiне қарай тиiстi Басқармаға есепке алу үшiн ж о л д а н а д ы .

Аталған қылмыстарды (эпизодтарды, тұлғаларды) аумағында қылмыс жасалған Басқармамен құрылатын қылмыстылық туралы есептерде ескерген дұрыс. Сонымен қатар, қылмыстық iстер жөніндегі есептерде аталған эпизодтар қылмыстық iстер бойынша шешiм қабылдаған орган бойынша тиiстi Басқармада е с к е р i л е д i .

38-1. Барлық қылмыстар (эпизодтар, тұлғалар) Басқармамен құрылатын оның аумағында жасалған қылмыс, қылмыс туралы есеп берулерде ескерiледi. Бұл ретте егер тергеу барысында оларды жасаған ауданда дәйектi мәлiметтер анықталса, онда реквизит 4 «Қылмыс жасалған аудан» 1.0 карточка түрi қадағалаушы прокурормен келiсiлген субъектiнiң баянаты негiзiнде түзетуге ж а т а д ы .

Ескерту. 38-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2010.01.20. N 3 бұйрығымен.

39. Iстерi қылмыстық қудалау органдарының орталық құрылымдарында iс жүргiзуде жатқан қылмыстар туралы статистикалық кәртiшкелер қылмыстық iстiң тергелу жерi бойынша уәкiлеттi органға жiберiледi.

40. Басқа облыстың аумағында жасалған қылмысты анықтаған кезде және қылмыстық iстi қозғау туралы шешiмдi қабылдаған кезде субъект 1.0 нысанды статистикалық кәртiшкенi жiбередi және кейiннен тергеуге алынғандығына қарай iске бұдан әрi тергеу жүргiзу үшiн беру кезiнде iстiң жiберiлген субъектiсiн көрсету арқылы 1.1 нысанды статистикалық кәртiшкесi жiберiледi.

41. Тiркелген қылмыстар, егер олар бойынша қылмыстық iстер қысқартылып, немесе төмендегiдей негiздер бойынша ақтау үкiмi шығарылған болса, қылмыстылық туралы есепте (Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 31 қазандағы N 62 бұйрығымен бекiтiлген және 2003 жылдың 25 қарашасында Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде 2576 нөмiрiмен тiркелген "Тiркелген қылмыстар және қылмыстық қудалау органдары қызметтерiнiң нәтижелерi туралы" N 1-М нысанды статистикалық есеп ; Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 11 желтоқсандағы N 69 бұйрығымен бекiтiлген және 2003 жылдың 26 желтоқсанында Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде 2642 нөмiрiмен тiркелген "Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларды жасаған тұлғалар, сотталғандар және сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық iстердiң қозғалысы туралы" N 3-К нысанды статистикалық есеп ; Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 16 қаңтардағы N 2 бұйрығымен бекiтiлген "Есiрткi құралдарының, жүйкеге әсер ететiн немесе улы

заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар және соларды қолданатын тұлғалар туралы" N 1-Н нысанды статискалық есеп) ескерілуге жатпайды:

1) қылмыс оқиғасының болмауынан (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлімінің 1-тармағы, 376-бабы 2-бөлімінің 1-тармағы);

2) іс-әрекетінде қылмыс құрамының болмауынан (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлімінің 2-тармағы, 376-бабы 2-бөлімінің 2-тармағы);

3) ҚР ҚІЖК 33-бабының 2-бөлімімен, 34-бабының 2-бөлімімен, ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлімінің 5-тармағымен қаралған жағдайларды қоспағанда, ҚР ҚІЖК 33-бабының 1-бөлімімен, 34-бабының 1-бөлімімен қаралған қылмыстар туралы істер бойынша жәбірленуші шағымының болмауынан;

4) сол айыптау бойынша заңды күшіне енген сот үкімі бар немесе қылмыстық қудалаудың мүмкін еместігін белгілеген басқа бұзылмаған сот қаулысы бар тұлғаға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлімінің 7-тармағы);

5) субъектінің сол айыптауы бойынша қылмыстық қудалаудан бас тарту туралы бұзылмаған қаулысы бар тұлғаға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлімінің 8 - т а р м а ғ ы) ;

6) қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не қосымша тексеруге жіберу немесе ақталынған негіздер бойынша қысқарту арқылы қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы прокурормен бұзылған.

42. Егер тұлғаға қатысты қылмыстық қудалауды қысқартқан кезде немесе ақтау үкімін шығару кезінде қылмыс жасаған тұлға анықталмаған болса, қылмыс қылмыстылық туралы есептерде ескеріледі.

43. Тіркелген қылмыстар мынадай қылмыстық істерді қысқартқан жағдайда қылмыстылық туралы есептерде ескерілуге жатады:

1) егер ол әрекет жасағаны үшін жаза қолдануды жойса, рақымшылық актісінің салдарынан (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлімінің 3-тармағы);

2) ескіру мерзімінің өтіп кетуінен (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлімінің 4-тармағы);

3) ҚР ҚІЖК 33-бабының 2-бөлімімен қаралған жағдайларды қоспағанда ҚР ҚІЖК 33-бабының 1-бөлімімен қаралған қылмыстар туралы істер бойынша жеке айыптаушының айыптаудан бас тартуы кезінде (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлімінің 6-т а р м а ғ ы) ;

4) ессіздік жағдайда қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекет жасаған тұлғаға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлімінің 9-тармағы);

5) әрекет жасаған кезде жасы кәмелетке жетпеген, заңға сәйкес, жасы жеткен кезде қылмыстық жауаптылыққа тартылатын тұлғаға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1 - б ө л і м і н і ң 10 - т а р м а ғ ы) ;

6) қаза болған тұлғаға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлімінің 11-тармағы);

7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ережелеріне сәйкес

қылмыстық жауаптылықтан босатуға жататын тұлғаға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлімінің 7-тармағы);

8) ҚР ҚК 67-бабының және ҚІЖК 38-бабының 1-тармағымен қарастырылған, сондай-ақ басқа да ақталынбаған негіздер бойынша жәбірленушінің күдікті немесе айыпталушымен татуласуынан.

44. Қылмыстың өндірісте болған жағдайында, қылмыс жөніндегі есептер, тоқтатылған қылмыстық істер бойынша бұрын өндірістің жаңартылуы немесе қылмыстық істің прокурор арқылы жойылуы туралы мәліметтер есепке алынады.

45. Статистикалық кәртiшкелердi толтыру кезiнде бiр қылмыс ретiнде не есептелетiндерiн бiлу қажет (бiр қылмыстық iс қозғалады және қылмысты анықтау үшін бiр статистикалық кәртiшке жiберiледi):

1) бiрнеше тұлғалармен қатысудың кез-келген нысанында қосылып жасалған қылмыстар (ҚР ҚІЖК 31 бабы);

2) бiр немесе бiрнеше тұлғаларға зиян келтiрiлетiн iс-әрекет (мысалы: түрлi тұлғалар иеленетiн бiр орында орналасқан заттарды тонау, бiр тобырдан бөлек иелердiң бiрнеше бас малдарын талан-таражға салу);

3) ұзартылған қылмыс (мысалы: қару-жарақтарды, оқ-дәрiлердi, жарылғыш және есiрткi заттарды заңсыз алу, сақтау, беру және тасу, алаяқтық, қорқытып алу);

4) ұзартылған қылмыс (мысалы: азаптау);

5) әрқайсысы елеусiз болып табылатын бiртектi әрекетте жасалған, алайда жинақталған кезде қоғамға қауiптi және жалпы бiр қылмыс болып саналатын қылмыстар (мысалы: бiр уақыт мезгiл үстiнде бiр үйден электр есебiн ұрлау);

6) бiр әрекетпен орындалған әр түрлi қылмыстарды жасау. Сонымен қатар, ауыр қылмыс түрлерi есепке алынады (мысалы: зорлау, соз ауруларын тарату, зорлау салдары бойынша ғана есептелiнедi);

7) негiзгi қылмысты жасау әдiсi болып келетiн жинақталған әрекеттiң басым бөлігі (мысалы: айыпталушыға сенiп тапсырылған бөтен мүлiктi қызметтiк жағдайын пайдалана отырып өзiне иемдену немесе шығындау). Қызметтiк жағдайын терiс пайдалану өзiндiк әрекет туғызады, егер актiнi жүзеге асырушы негiзгi зат болып табылмаған жағдайда бөлек акция ретiнде есептелiнедi;

8) әр түрлi қылмыс құрамының элементтерi бар, бiрақ бiр қылмыс болып сараланатын қылмыс (мысалы: жәбiрленушiге қатысты зорлық көрсетумен байланысты билiгiн асыра қолдану, билiк өкiлiне қарсылық көрсетумен байланысты кәнiгi бұзақылық);

9) түрлi объектiлерге қол сұғатын, алайда заң жүзiнде бiр қылмысты құрайтын әрекет (мысалы: қолсұғушыға жәбiрленушiнiң өмiрi, денсаулығы, жеке иелiгi күштелетiн шапқыншылық, алайда жиынтық бойынша тек бiр ғана қылмыстық акттi құрайды);

10) эпизод санына тәуелсіз азғындық іс-әрекеттер және басқа да іспеттес актілер. Топтық қылмыс жасауда қаскөйлік ниеттің болмауына байланысты, осы актідегі әрбір жаңа әрекеттікті өзіндік қылмыс ретінде есептеу керек.

Ескерту: 45-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2007.07.30. N 32 Бұйрығымен.

46. Қылмыстық істің прокурор арқылы қозғалу барысында 1.0 нысанды статистикалық кәртішкедегі 1-деректемеге осы істі тергеу үшін алған органның аталуы енгізіледі, 2-деректемеде осы істі тергеуге алған қызмет, 10-деректемеде прокурор арқылы "01" коды белгіленеді.

Мемлекеттік органдар қызметіндегі заңдылықты қадағалау саласы бойынша қылмыстық істің прокурормен қозғалуы жағдайында 10.1 деректемесінде "10" коды белгіленеді.

Ескерту: 46-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 15 қыркүйектегі N 51 бұйрығымен .

47. Екі немесе бірнеше қылмыс болып есептеледі (екі немесе бірнеше қылмыстық істер қозғалады және оларға сәйкес статистикалық кәртішкелер ж і б е р і л е д і) :

1) ҚР ҚК түрлі баптары бойынша сараланатын өзіндік әрекеттердің бір мезгілде жасалуы жағдайында (мысалы: үйді өртеу жолымен жасалған адам өлтірушілік немесе зорлау, содан соң жәбірленушіні тонау);

2) ұқсас, қаскөйлік ниетке байланысты емес, әр уақытта жасалған әрекеттер (мысалы: бірнеше рет ұрлық, тонау, шапқыншылық, қорқытып алушылық).

48. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексімен қаралған қандай да бір себептерін үстіртін мазмұндаған әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстардың қатарына есепке алуға жатпайтын, алайда елеусіздігіне қатысты қоғамға қауіп төндірмейтін, яғни зиян келтірмейтін және жеке тұлғаға, мемлекетке, қоғамға қауіп төндірмейтін қылмыстар (ҚР ҚК 9 бабының 2-тармағы).

48-1. 1.0 нысанды статистикалық карточканың 19-тармағындағы "әлеуметтік (21), ұлттық (22), рулық (23), нәсілдік (24) діни (25) араздықтарды қоздырумен байланысты" деген деректемелер қылмыстық жауаптылығы ҚР ҚК тиісті баптарымен қаралған жағдайларда толтырылады.

Ескерту: 48-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2008.11.25. N 69 (2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

49. Статистикалық кәртішкені толтыру барысында, барлық адамдарға бірдей дерлік арналған қоғамдық орынның және барлық дерлік адамдардың іс-шараларына, сондай-ақ азаматтардың демалуына арнайы орын екендігін ескеру қажет.

50. Қоғамдық орындар келесідей бөлінеді:

1) үнемі (кез-келген уақытта ашық: көшелер, бұрылыс көшелері, скверлер,

бульварлар, жаға алаңдары, алаңдар, вокзалдар, аулалар (жеке үйлер алаңдарынан басқа) т.б.);

2) мезгілдік (анықталған сағатқа арналған азаматтарды күту және демалу орындары: сауда орындары, санаторийлер, демалу орындары, мәдениет, спорт мекемелері, қоғамдық көлік, сауда мекемелері, жол жүрушілер поездының вагондары (тамбурлардан басқа), сондай-ақ вагон-мейрамхана, тәуліктің түнгі уақытындағы жолаушылар купесі және дәретхана).

Ескерту: 50-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.15. N 51 , 2007.07.30. N 32 , Бұйрықтарымен.

51. Қоғамдық орындарда жасалған қылмыстардың жалпы санынан әсіресе көшеде жасалған қылмыстар көзге түседі, яғни жылдың кез-келген мезгілінде өз еркімен үнемі болу орындарында: көшелерде, алаңдарда, бульварларда, жол жүру мосттарында т.б. (жеке үй ауласынан басқа), көпшілікке ашық орындарда: парктерде, скверлерде, демалу орындарында қала және ауыл шеткейлерінде, стадиондарда, сондай-ақ ұрлықтың сату киоскілерінде, көліктерде жасалуы.

52. Төмендегі қылмыстар қоғамдық орындарда немесе көшелерде жасалынған қылмыстар есебіне саналмайды:

1) қоғамдық орын объектілерінде қылмыс жасау кезінде өз функцияларын орындамау;

2) еңбекшілер ұжымының жұмыс үшін пайдаланатын кіргізу режимі бар объектілерде және күзетілетін автотұрақтарда;

3) пәтерлерге жасалған ұрлықтар және жатақханалардың, қонақ үйлердің, санаторийлердің, демалыс үйлерінің тұрғын жайларында, перегондарда, разъездерде, тұйықтарда және тұрақтау парктерінде тұрған жолаушылар поездарының вагондарында жасалған басқа да қылмыстар;

4) Жалпы қолдану орындарында: коммуналды пәтерлерде, көтерілу сатыларында, тұрғын үй подъездерінде т.б. жасалған қылмыстар;

5) ұзартылған қылмыстар;

6) жол-көлік қылмыстары.

Ескерту: 52-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.15. N 51 , 2007.07.30. N 32 Бұйрықтарымен.

52-1. Егер тергеу барысында қоғамдық орындарда және көшелерде жасалған ретінде бұрын есепке қойылған қылмыстардың жасалу орны туралы айқын мәліметтер белгіленген болса, осы Нұсқаулықтың 22-тармағында анықталған тәртіпте түзетулер енгізіледі.

Сонымен қатар аталған түзетулер алдыңғы есептік кезеңдегі статистикалық есептіліктің бұрмалануына апарып соқтырған түзету ретінде қаралмайды және оған Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының статистикалық есептерді түзету бойынша бұйрықтарымен белгіленген талаптардың күші жүрмейді.

Ескерту: 52-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2007.07.30. N 32 Бұйрығымен.

53. Соттан алдын-ала тергеу немесе анықтау жүргізу үшін, жеке айыптау ісі келіп түсу кезеңінде, 1.0 нысанды статистикалық кәртiшкенiң 1-деректемесiнде осы iстi тергеу үшiн қабылдаған органның аталуы белгiленедi, 2-10 деректемелерде сәйкес қызмет белгiленедi, ал 10.1. - ҚР ҚІЖК 394 бабының 3-бөлімі 1-тармағы бойынша келіп түскен жеке айыптау ісі бойынша "7" код қойылады. Сонымен қатар, осы іске осы органның келесі қылмыстық іс нөмірі қойылады.

54. 1.0 нысанды статистикалық карточкаға, осы Нұсқаулықтың 35-тармағының 1-тармақшасымен қаралған жағдайда, қылмыстық істі қозғау туралы қаулының көшірмесін уәкілетті органға ұсыну арқылы қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы тұлға және қылмыстық қудалау органының бастығы қол қояды.

Қылмыстық істі қозғау туралы қаулыда уәкілетті орган қылмыстық істің қойылған нөмірін көрсетеді және оның екінші бетінде статистикалық карточканың ұсынылуын растайтын мөртабан қояды. Аталған қаулының көшірмесі қылмыстық қудалау органымен тез арада қадағалаушы прокурорға жіберіледі.

Қылмыстық істі прокурор қозғаған жағдайда 1.0 нысанды статистикалық карточкаға қадағалауды жүзеге асырушы прокурор қол қояды.

Осы Нұсқаулықтың 35-тармағымен қаралған басқа да жағдайларда 1.0 нысанды статистикалық карточкаға қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы тұлға және қадағалауды жүзеге асырушы прокурор қол қояды.

Статистикалық карточкалар уәкілетті органға тазартусыз, түзеусіз және басқа да түзетулерсіз ұсынылады. Осындай фактілер анықталған жағдайда статистикалық карточкалар тез арада ілеспе хатпен қайта рәсімдеуге қайтарылады.

Бұдан әрі деректемелердің толық еместігі анықталған жағдайда олардың қайталап қойылуы немесе қайта рәсімделуі үшін қайтарылуы осы Нұсқаулықтың 21-тармағымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Ескерту: 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2008.11.25. N 69 (2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

7-тарау. "Алдын-ала тергеудің (анықтаудың) барысы және нәтижелері туралы кәртiшкелер" 1.1 нысанды статистикалық кәртiшкелердiң жiберiлу тәртiбi

55. 1.1 нысанды статистикалық кәртiшкелердiң тағайындалуы алдын-ала тергеу және анықтау органдарының сот алдындағы қызметтерiнiң нәтижелерiн

бейнелеуден құралады. Қылмыстық істің әрбір эпизоды бойынша келесі шешімдер қолданылған алдын-ала тергеуді және анықтауды жүзеге асырушы лауазымды субъектілер арқылы:

1) айыптау қорытындысымен, айыптау хаттамасымен немесе медициналық сипатта мәжбүрлеп шара қолдану үшін сотқа жолдау туралы қаулысымен прокурорға жолдануы туралы;

2) іс бойынша өндірістің қысқартылуы бойынша;

3) іс бойынша өндірістің тоқтатылуы бойынша;

4) тергеуде болуға беру туралы;

5) істердің қосылуы туралы;

6) алдында қосылғандардан бөлінуі туралы (қосылған істердің бөлінуі);

7) іс бойынша өндірістің жаңартылуы, сонымен қатар тоқтатылуы туралы қаулыны алғаннан кейін, прокурормен қысқартылуы;

8) қайта квалификациялау туралы;

9) қосымша тергеуге қайтарылғаннан кейін, қылмыстық істі өндіріске қабылдау туралы;

10) тергеу мерзімін ұзарту кезінде;

11) тергеуде болу немесе жергілік бойынша берілген қылмыстық істі Қазақстан Республикасы шегінде қабылдау кезінде;

12) ҚР ҚІЖК 376 бабының 4-бөлімі тәртібімен соттан қайтарылған істі қабылдау кезінде;

13) ҚР ҚІЖК 288 бабының 2-бөлімі немесе ҚР ҚІЖК 289 бабының 2-бөлімі тәртібімен анықтау ісі бойынша алдын-ала тергеу тағайындау кезінде;

14) арыз бойынша істің сотта (прокуратурада) болу мерзімінің қайта жаңартылуының аяқталуы кезінде немесе айыпталушы және оның қорғаушысының бір-бірімен танысуының аяқталуы кезінде;

15) ҚР ҚІЖК 37 бабы 5-бөлімінің тәртібі бойынша жаңа дерекпен талап етуі.

Статистикалық кәртішкелерді қою барысында 10-деректемеде тек бір шешім белгіленетінін ескеру қажет.

55-1. 1.1 нысанды статистикалық карточканы толтыру кезінде" отбасылық - тұрмыстық қылмыстар" ұғымының астарында тіркелген не іс жүзіндегі некелік - отбасылық немесе туыстық қатынастарда тұратын, бірлесіп тұратын тұлғалардың арасындағы тартыстың нәтижесінде жасалған, сондай-ақ көршілер арасындағы ұзаққа созылған тартыстың нәтижесінде жасалған жеке адамның өміріне, денсаулығына, арына, қадір-қасиетіне және бостандығына қауіп төндіретін қасақана немесе абайсыз әрекеттер деп ұғыну қажет екендігі ескерілуі тиіс.

Ескерту: 55-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2007.07.30. N 32 Бұйрығымен.

56. ҚР ҚІЖК 197 бабының 1-бөлімі 12-тармағы тәртібімен прокурор арқылы дәйектілігінің өзгеруі жағдайында және ол арқылы 3.0. нысанды статистикалық кәртiшкенi қою кезеңінде осы іс орын тапқан орган дәйектілік бойынша беру туралы 1.1. нысанды статистикалық кәртiшкенi қояды, ал алған орган - қылмыстық істі өндіріске қабылдау туралы шешім қабылдайды.

